

Үндістандағы касталық жүйе мәселесі

Д. А. Таубалдиева, Б.А. Әліпбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

E-mail: ashakipchak@mail.ru

Түйін. Берілген мақала қазіргі Үндістандағы касталық жүйе мәселесіне арналған. Касталық жүйе туралы тақырып өте маңызды. Ресми түрде касталық жүйе бөлінісі жоқ деп есептелінеді. Дегенмен әрбір үндістің өмірінде кастаға бөліну мәселесі орын алып келеді. Мақала касталық жүйенің пайда болуын қарастырады. Автор касталық топтардың мемлекеттің саяси өміріндегі қатысы туралы мәселені қозғайды.

Ежелгі үнділік варналық құрылымнан бастау алатын және инуизммен дәріптелген касталық құрылым ежелден Үндістанның әлеуметтік құрылымының негізін құрды. Адамның туылған кезінен оның қай кастаға жататынын білдірген бұл ұғым өмір бойы статусын анықтаған.

Варналы-касталық құрылым жалпы алғанда, өзінің қатал иерархиясына қарай Үндістанның әлеуметтік құрылым негізін көрсете алды; құрылысына қарай бірегей, ол тек әлсіз саяси әкімшіліктің нәтижелік баламасы болып қана қоймай (мүмкін қайта керісінше: оның бірегейлігі өмірлік қажеттіліктерге назар аударуын және мемлекеттік әкімшілігінің әлсіздігін шартқа қойған шығар, егер де төменгі саты болмаса, күшті әкімшілік құрылымының қандай қажеттілігі бар, төменгі сатының адамдары касталық ережелердегі өзін-өзі басқару немесе қауым қағидасы заңыменен өмір сүреді), бірақ та бұл әлсіздікті табысты есесімен қайтарғанымен, ол Үндістан мемлекетінің саяси тұрақтылығын реттеуге септігін тигізе алмады.

Каста және касталық ұйымдардың өмір сүруі, әдетте тек Үндістан мемлекетімен байланыстырады, бірақ бұл түсінік тарихқа және этнографияға дәл келіспейді.

Касталық ұғым негізі, касталық ұйымдар көптеген басқа халықтарда да кездескен. Үндістан тек касталық ұйымдардың дамуының жарқын мысалын береді, үнді қоғамындағы тұйық спецификалық мәнді иеленген.

«Каста» сөзінің өзі португал тіліндегі «түр, сапа» мағынасын береді, португалдықтардың XVI ғасырда Үндістан жеріне баса көктеп кіру кезінде және әлеуметтік үнді қоғамымен таны-

са келе, еуропалық тілге еніп, үнді қоғамындағы тұйық топтарды атау үшін берілген екен. Үндістанның өзінде мұндай топтарға санскрит терминіне жататын «джати» сөзі болған. Ежелгі үнді қоғамында джатимен қатар варндар-тап ұғымы өмір сүрген, бұл ең ежелгі институт болып саналған және ол класс ұғымының алдында пайда болған екен, тек кейіннен класс қоғамында орныға бастаған. Уақыт өте келе, варндар (брахмандар, кшатрии, вайшы, шудрлар) өзінің формасы бойынша тұйықтанып, «каста» ұғымын білдірді, бұл кейіннен варн сөзін каста терминіне алмастырды [2, 152 б.]. XV ғасырдан бастап испан халқының қолдануымен бұл термин «расса» мағынасын білдірген екен. Англияда «каста» («cast») сөзінің қолданысын 1555 жылы болғанын айтып кеткен, ал Үндістанға қатысты XVII ғасырда қолданыла бастады [3, 65 б.].

Варнаның пайда болуы туралы мағлұматты түсіндіру өте қиын, бірақ заңды түрде тап ұғымын алғаш пайда болған қоғам және қоғамдағы меншік теңсіздігі ұғымынан шыққан деп байланыстырады. Әскери шен кшатрий варнасының пайда болуына алып келді, ақсүйектер – брахмандардың пайда болуына, қоғамдағы бос халық вайшы варнасын білдірді, кейіннен шудрлардың варнасы пайда болды, олар әлеуметтік иерархияның ең төменгі орнын алды.

«Ригведада» жоғарыда аталған үш каста туралы жазылған, тек кейінірек шыққан X бөлімінде (мандалда) бүкіл төрт варнаның Пуруши алғашқы адамнан пайда болуы жайлы аңыз дерек қалған. Бұл діни дерек ертеден тапқа бөліну ұғымының болғаны жайлы айтқан. «Пуруша-

сукта» әнұранында былай делінген, брахмандар Пурушидың аузынан, кшатрии – қолынан, вайшы – белінен, шудрлар – өкшесінен пайда болған деп жазған [4, 45 б.].

Тәуелсіздікке дейін қандай қалпында болса, касталық құрылым қазіргі таңға дейін өзінің келбетінде. Оның мемлекеттің дамуына екі түрлі жолмен әсер ететінін байқаймыз: бір жағынан, кастеизм бір қалыпта ұстаушы фактор ретіндегі рөлді атқарады, үнді қоғамындағы класс арасындағы қарама-қайшылықтарды жұмсарту негізінде, себебі касталық қоғамда класпен емес, адамдар қай кастаға жататыны арқылы білінеді. Мемлекеттің көп бөлігі төменгі кастаға жатады, бірақ бұл теңсіздікті олар әлеуметтік ұғым ретінде қабылдап, өзін тұлға ретінде мемлекеттің саяси және экономикалық өмірін өзгерту үшін жоғары көтеруін сұрамайды.

Үндістан парламентіндегі Бірінші жалпы сайлаулардың және 1952 жылғы заң жобасы негізіндегі штаттық сайлаулардың көрсетуі бойынша мемлекеттің саяси өмірінде кастаның бар екендігін көрсеткен.

Үнді саяси қайраткерлерінің бірінің айтуы бойынша (Л.К. Адвани – Лок Сабха ұйымының бұрынғы лидері), олар кастаның өмір сүруі уақытша, саяси білімі жоқ сайлаушылардың кесірінен пайда болған жайт деп те түсіндірілген, демократиялық тұрғыға сенбеген халықтың надандығы арқасында жалғасын тауып жатқан жайт деп есептеген [5, 68 б.]. Бірақ болашақта бұл еш өзгермеді. Каста ұғымы қолданыстан шықпай, тек күшейе түсті. «Кастеизм» термині бұқаралық ақпарат құралдарынан енді ғылыми әдебиеттер бетіне көшті.

Үндістанның жаңа саяси лидерлері касталық құрылымдағы конструктивтік мәселені шегере отырып, өздері саясатта тәжірибе жүзінде қолданады және касталық құрылымнан шегіну, оны жою туралы декларацияларға қарамай, оның қоғамдық тап ретінде сақтап қалуына қызығу үдерісі байқалды [6, 63 б.].

Каста дәстүрлік әлеуметтік институт ретінде халықтың көп дерлік бөлігінде қабылданды. Алғашқы кезден бастап каста құрылымы дайындалған механизм ретінде болды, халық көпшілігін сол механизм арқылы билеуге болады деп санады. Ол халықтың держава ретінде күшеюіне алып келер еді деген ойлар да талқыланды. Үндістанда халықтың көп дерлік бөлігі ауыл аймақтарда тұрады, ол аймақтарда

касталық құрылымды қатты ұстанады. Үндістанның қазіргі кездегі саяси партиялары ауыл аймақтардың құрылымдық мәселесіне көңіл аударып, осы ретпен сайлау кезіндегі жарыста касталық құрылымды жою үшін жұмсалған күш емес, бөлек сайланушы тұлғаның әдістеріне көңіл бөлініп кетеді.

Әрбір әлеуметтік топқа өзінің әлеуметтік нұсқауларын нығайту бірінші орында болады. Каста бұл ретте саяси әдіспен жеңіске жете алады. Өздерінің саяси өмірінде каста бір касталық ұйымдық федерацияға бірігіп, басқа да одақтармен ортақтасады. Касталық қоғамның өзіне тән – топтық немесе касталық бірін-бірі түсінушілігі. Олардың бірін-бірі түсіну негізі қазіргі үнді саяси өмірінің шын элементі болды да, болады да, ол сайлау науқаны кезіндегі күреске әсер ететін бірден-бір фактор. Мамандардың ойлауы бойынша, мемлекеттің қай бір саласы болсын, бірақ саяси жағдайдың барлық дерлік деңгейіне кастеизм ықпалын тигізеді. Ол бір үлкен комплекстік мәселе жиынынан тұрады және Үндістан саяси өміріне негіз құрады. Каста және оған байланысты сұрақтар мемлекеттің жоспарлау назарында болады, заң қабылдау назарында әлеуметтік реформаларды қабылдау болсын. Касталық мәселе өзінің бар екенін еріксіз өзі білдіріп қояды, мемлекет функциясына тұрақсыздықты енгізеді [7, 115 б.].

«Кастеизм» маңызды дерлік мағынамен үндістің саяси түйсігімен ерекшелігімен түсіндіріледі, ол олардың саяси мәдениетінің элементі болып табылады. Үнді азаматы қай партияны, ұйымды немесе қай сайланушы кандидатты болмасын, олардың бірінші мезетте қай кастаға жататындығы емес, олардың кастаға қалай көңіл аударып, қоғамда қалай өзін-өзі ұстау арқылы бағалайды. Бұл ретте қоғам ойы қатты бағаланады, ортаға салып талқыланады.

Кастаның саяси модельдік жағынан оның мінезін түсіну үшін каста ұғымы кең көлемде үнді және батыс зерттеушілерімен зерттелген, олар кастаның саяси тұрғысын түсіну үшін бірнеше мәселенің басын ашты: олардың саны, кастаның орналасу жағдайы, саяси деңгейі, касталық жағдайы және әлеуметтік қоршаған орта, кастаның бірге жұмылып жұмыс істеуі, олардың басшыларының әсері осының барлық дерлігі саяси маңызын түсіндірді. Өзінше бөлек топ болып біріккен касталар дербес іс жасай алатындығы білінді. Келесі тенденция бөлінді,

қауымдық немесе ауылдық деңгейде саясаттың субъектісі ретінде касталық саяси құрылымның ең төменгі каста табы екендігі көрсетілді: отбасы, көрші қауым, касталық фракция. Сайлау науқаны кезінде үлкен бөліністер ерекшеленеді. Дистрикт деңгейінде – ол «джати» және олардың ұйымдары, штат деңгейінде – әр түрдегі екінші реттегі қауымдастықтар – «сабхи» (ассоциация, федерация) [8, 55 б.].

Саясат каста мен партия арасындағы тығыз қарым-қатынас жайлы өздерінің себептерін алға қояды. Касталық құрылымды толық дерлік қадағала алмау сол партиялардың әлсіздігі болып табылады. «Джан сангх» лидері, Джангиани мысалы, 60-жылдары өзінің партияларының Кера-ла мен Майсурдағы жеңілісін үнді мәдениетіне көп көңіл аударып, маңызды мәселелердің басын ашпағандығымен түсіндірілді.

Саясаткердің ойы бойынша, каста «дауыс жинау банкісі» болып есептеледі және бұл көптеген сайланушылардың өздерінің пайдасы үшін асыру болып табылатындығы бәріне мәлім. Сол үшін әртүрлі партиялар үлкен, әсерлі және ұйымдасқан касталық ұйымдарға таласады.

Касталық құрылымдар партиялармен ортақ келісімге де келген, 1951-1952 жылдары, мысалы, «Джан Сангх» партиясы Джаладхар және Хошиарпур, Пенджаб штатында, Мадхья-Прадеште тіркелген касталық ұйымдармен келісімдері болған.

Көптеген саяси партиялар өздерінің касталық ұйымдармен байланысын ашып көрсеткісі келмейді. Каста Үндістан саясатының жалғыз тұтқасы емес. Әр деңгейдегі саясаткер тәжірибе жүзінде әртүрлі күштерге бас ұрады: олар – халықтық, аймақтақ, діни және де, әрине касталық. Егер каста саяси тұрғысынан мықты орныққан жағдайда ол мықты әсерге ие бола алады [5, 84 б.].

Партиялардың кастамен тығыз байланысы туралы негізгі себептерді бөліп көрсетуге болады. 1957 жылы халықтық интеграция негізінде Бүкіл үнді конференциясында партиялардың өздерінің пайдасы үшін пайдалануға сөгіс жарияланды. Екіншіден, барлық касталар саяси жағынан дамымаған. Үшіншіден, Үндістанда тек сайланушылардан тұратын аймақтар аз.

Саяси партиялар өздерінің пайдасына касталық ұйымдарды пайдалана отырып, бірақ оларды жанама тәсілдермен жасап отырған. Мысалы, 1990 жылы сайлау кезінде жеңіске

жеткен «Бхарати Джаната парти» (Үнді Халық партиясы), өзінің артынан «Хиндутв» атты кемені, яғни хинду дініне шын берілген үндістерден құру деген, оның ішінде жоғарғы кастаға жататындар басшы атанды, ал жат ұстанушылар мұсылмандар, үндістер төменгі каста болды және ұстау құқығынан айырылған «екінші топтағы азаматтар» [5, 89 б.].

XX ғасырдың 90-жылдарының екінші жартысында каста жайлы сұрақтар қоғамда бұрынғы қалпыменен қалды. Ұстау құқығынан айырылғандар үшін көмек бөліну керек екендігі жайлы айтылды, себебі олардың жоғары оқу орнына түсу немесе мемлекет тарапындағы жұмысқа орналасу қиыншылығы туындады. Саясаткерлер бұл жағдайды өзгертуге атсалысса дауыс жинап, жеңіске жететіндіктеріне көздері жетті. Сондықтан жұмыс орны және жоғары оқу орындарындағы артта қалған касталық ұйымдардағы адамдармен толды.

1998 жылғы сайлауда каста мәселесі шетте қалған емес және дауыс үшін күрес әлдеқайда қаталданды.

Заңды ескерткіштерге сүйене отырып, касталық құрылымды зерттеу жайлы бірқатар қорытынды ой, түйткілер айтуға болады.

Заң бойынша теңсіздік тек ерте заманда қатты ұстанды. Уақыт өте келе касталық құрылымды өз пайдасына пайдаланған саясаткер бірқатар жеңістерге жетті немесе жеңілді. Касталық құрылымды зерттеу қазіргі таңда көптеген мамандарды қызықтыруда. Себебі Үндістан өзінің ежелгі тарихымен, әлі де сақталып қалған дәстүрлерімен әрқашан да адамды қызықтырады. Қазіргі таңда елде Конституция бойынша дискриминацияны шегеру туралы заң қабылданса да, азаматтық кодекс қабылданбаған, үнді халқының ғасырлар бойы сақталған салт-дәстүрі кесірінен касталық құрылым әлі де жалғасын тауып келеді. Тәуелсіздігін алған мемлекет 1947 жылдан бері бірқатар жаңашылдыққа да көшкен, жесір әйелдердің тағдыры жайлы қатаң заңдарды алып тастау туралы айтылды, әйелдердің мұрагер болуға құқығы бар екендігі туралы заңда айтылған. Зерттеу жұмысын жүргізе отыра, касталық құрылым қазіргі таңда бизнес аймағында, дамыған қала, заманауи түрде дамыған ортада аздап кездеседі, кейде мүлдем де еленбейді, бірақ миллиардтаған халқы бар Үндістан, ең алдымен, мәдениетін, дінін құрметтеген мемлекет, сондықтан кастаға

бөлініп, өз әдет-ғұрпымен өмір сүріп келе жатқан халық арасында каста мәселесі сақталып келеді.

Әдебиеттер

1. Юрлова Е.С. Кастеизм – фактор политической жизни. Экономическое, социальное и политическое развитие Индии (1947-1987). – М., 1991.
2. Альбедиль М.Ф. Забытая цивилизация в долине Инда. – СПб., 1991.
3. Бонгард-Левин Г.М. Древняя Индия. История и культура. – СПб., 2001.
4. Бэшем А. Цивилизация Древней Индии. / пер. с фр. Е. Гавриловой; под ред. Н. Шевченко. – Екатеринбург, 2007.
5. Юрлова Е.С. Каста в политической жизни штата Бихар // Восток. – М., 1986. – №1.
6. Гордон Л.А. Религиозно кастовый состав населения Индии. – М., 1964.
7. Иродов С. Парад обещаний // Новое время. – М., 1991. – № 18.
8. Неру Дж. Открытие Индии. – М., 1955.

Д.А. Таубалдиева, Б.А. Алипбаева
Проблемы кастовой системы в современной Индии

Данная статья посвящена проблемам кастовой системы в современной Индии. Тема кастовой системы является весьма актуальной. По официальным данным кастовой системы больше не существует в Индии. Однако в настоящее время каста является частью жизни каждого индийца. Статья рассматривает появление кастовой системы. Также автор анализирует ситуацию, когда кастовые группы бывают привлечены в политическую жизнь страны.

D.A. Taubaldieva, B.A. Alipbayeva
Problems of caste system in modern India

This article focuses on the problems of the caste system in modern India. Subject of the caste system is very important. Despite the fact that officially confirmed that the caste system is no longer existent. Today, caste is part of the life of every Indian. The article examines the appearance of the caste system. Also author analysis the situation where cast groups are involved in politic life of the country.